



## ЖАС ОҚЫРМАН, ЖАС ЗИЯТКЕР!

Жастық шақ — адам өмірінің ең қызықты, қайрат-жігерге толы керемет кезеңі. Бойға қуат, ақылға көз берген таңғажайып мүмкіндіктерімен қоса жасалған қателіктерді де түзетуге таптырмайтын уақыт. Біздің елімізде осы бір алтын уақыттың аралығы 14 пен 29 жас деп ресми белгіленген. Жүзеге асырылу үстіндегі жастар саясаты да осы кезең аралығындағы жастарға арналған.



Гүлмира МҮНКЕЕВА  
мектеп директоры

Жалпы, жастар саясатын жүргізу кез келген ел үшін жеңіл емес. Өйткені жастар саясатын жүргізудің шығыны мол, әрі ол шығын бірден қайта қоймайды. Сондықтан болар нақ осы мәселемен мемлекет деңгейінде айналысатын елдер әлемде өте санаулы. Олардың бірінде өз жастарына мемлекеттік деңгейде қамқорлық жасауына мүмкіндігі жоқ болса, енді бірінде қоғамдық құрылыс пен ділінің деңгейі басқаша құрылған. Мәселен, Америкада әлі күнге дейін жастар туралы мемлекеттік саясат жоқ. Олардың жастары жекеменшік, соның ішінде қайырымдылық, демеушілік қорларына үміт артады. Сарапшылардың айтуынша, әлем бойынша жастар саясатымен белсенді шұғылданып отырған елдердің бірі Германия екен. Бұл елдің жастарында заңда белгіленген қамқорлық негізінде білім алып, емделумен қоса басқа да әлеуметтік жағдайлар жасалған. Жастар саясатымен белсенді түрде айналыса бастаған елдердің бірі — біздің Қазақстан. Жастардың тегін орта білім алуы, мемлекеттік грант, «Болашақ» бағдарламасымен шетелде оқуы, дипломмен ауылға барған жастарға берілетін көтерме жәрдемақылар және жастар өміріне позитивті сипат беретін 70-тен аса мемлекеттік деңгейдегі жобалар бәрі де қайтсек келешегімізді кемел етеміз деген тілектің аясында жасалып отыр. Мұны Елбасы да «Жастар — ертімізді жасайтын бүгінгіміз» деп үнемі айтып келеді. Нақты тапсырмалар нәтижесінде жүзеге асырылып жатқан шаруалар да соның айғағы.

Мектебіміз еліміздегі Зияткерлік мектептердің қатарында он

бесінші болып өз жұмысын бастады және оқыту үдерісіне инновацияны ендіру базасы болып саналды. Қыркүйек айының аяғына таман мұнда 90-нан астам педагогикалық қызметкер жұмыс атқару үстінде, олардың қатарында шетелдік мамандар да бар, 52 пән мұғалімі Педагогикалық шеберлік орталығының (3 базалық деңгей бойынша) біліктілікті арттыру курстарында білім алды. Педагогтардың іріктеу конкурстарында бір бос орынға 5 адамнан келді.

Назарбаев Зияткерлік мектептеріне конкурстық іріктеу жүйесі тұтастай алғанда жаратылыстану-математика бағытындағы пәндер бойынша оқуға қабілетті балаларды қабылдауға және олардың келешекте белгілі қазақстандық және шетелдік технология университеттеріне оқуға түсуіне бағытталған. Қызылорда қаласындағы Зияткерлік мектептің 7,8,9,10-сыныптарына конкурстық іріктеуге қатысу үшін 4001 өтініш берілді. 553 оқушы (13,8%) «Өркен» білім беру грантының иегері атанды. Айта кететін нәрсе, 7-сыныптарға конкурстық іріктеу тұңғыш рет жана жүйеде, яғни, Cito Нидерланды Педагогикалық өлшеулер институтымен және СТУ Джонс Хопкинс Университетінің Дарынды жастар орталығымен (АҚШ) бірлесе отырып өткізілді.

Назарбаев Зияткерлік мектебі тандаулы қазақстандық және халықаралық педагогикалық тәжірибені зерттеу мен ендіру алаңы болып табылады. Әр мектептің қуаттылығы және инфражүйесі оның жеке жобасы мен сынып жиынтығының мүмкін болған санына байланысты. Негізінен Зияткерлік мектептердің ғимараты 720 орынға есептелген, жатақ-

ханадағы орын саны - 120. Мектеп ғимараты ірілендірілген бірнеше блоктардан: оқу, жатақхана, және спорт блоктарынан тұрады. Оқу блоктарында барлығы 63 кабинет, оның ішінде 10 оқушыға арналған 40 кабинет, 20 оқушыға арналған 16 кабинет, 2 әмбебап кабинет, 5 жеке сабақтар кабинеті бар. Жатын блогы басқа қалалардан келген оқушыларға арнап 120 орындық жайлы жатақханасын ұсынады. Спорттық корпусқа үлкен және кіші залдар, тренажер залы қарастырылған. Сонымен бірге, жалпымектептік бөлмелерде кабинеттер мен лабораториялар, медициналық блок, 360 орындық тамақтану залы, 360 адамға лайықталған мәжіліс залы оқушылар мен ұстаздар игілігі үшін қызмет етеді.

Қызылорда облысы әкімдігінің қолдауымен мектепте аймақтық экономика кабинеті ашылған, мұнда білім алушылар облыс экономикасын дамытуға арналған жобалармен айналысуға мүмкіншілік алады. Жергілікті жердің флорасы мен фаунасының экологиялық ахуалын игеру үшін мектепте экология кабинеті жасакталған, кабинетте Қорқыт Ата атындағы

Қызылорда Мемлекеттік университетінің оқытушылары мен ғылыми қызметкерлері құрастырған оқу материалдары жинақталған. Мектеп тек қана білім алу үшін ғана емес, сонымен қатар оқу үдерісін де басқаруға қабілетті соңғы үлгідегі жана компьютерлік жүйелермен, мультимедиялық кабинеттермен, жоғарғы өндірісті электронды есептегіш машиналармен, интерактивті электронды тақталармен, жоғары жылдамдықтағы интернетпен, инновациялық бағдарламалық құралдармен жабдықталған.

### Бәрекелді!

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының білім беру саясаты және бағдарламалары департаментінің ұйымдастыруымен оқушылардың шығармашылық әрекеттерін ынталандыру мақсатында желтоқсан айының 21-25 жұлдызы аралығында Шымкент қаласында Назарбаев Зияткерлік мектептері оқушыларының қатысуымен республикалық кезеңі 5 номинация бойынша арт-фестиваль өткізілді. Аталған шараға Қызылорда қаласындағы зияткерлік мектептің химия-биология бағытындағы оқушылар «мюзикл» жанрында бақ сынады.

## ӨНЕРЛІ ӨРЕНДЕРІМІЗ ӨРГЕ СҮЙРЕДІ

Төрт күнге созылған фестиваль өз деңгейінде өтті. Алдын ала анықталған жеребе бойынша Қызылорда қаласының өнерпаздары фестивальдің бірінші күні өнер көрсетті. «Сыр-Алаштың Анасы» атты мюзикл қойылымы көрермен мен қазылар алқасы оң бағасын берді. Айта кететін жағдай, осы арт-фестивальді ұйымдастырушы «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының білім беру саясаты және бағдарламалары департаментінің аға менеджері Жұлдыз Досбергекқызы Сыр өңірі өрендерінің өнеріне разылығын білдіріп, ашылғанына азғантай уақыт болғанына қарамастан, оқушылардың өнерге деген құштарлығы жоғары екенін атап өтті.

Оқушылардың сомдауындағы қойылымның барысына оралар болсақ, жас әртістер Сыр өңірінің тарихы мен ондағы маңызды рөлін бедерледі. Үш ханға үзгір болып, сонында өлмес мұра қалдырған күй атасы



Қорқыттан бастап, қазақ даласына көз алартқан және басып алуға ұмтылған жаудың жолын бөгеген Жалаңтөс, Жанқожа, Келменбет, Бұхарбай сынды батырлар мен киелі топырақта туған ақын, жыршы Тұрмағанбеттің бейнесі де қойылымнан тыс қалмады. Сондай-ақ, алты Алаштың тұңғыш астанасы атанған «Ақмешіт» қаласының көрінісі, туған елінің, жерінің топырағын ансап, елді бірлік пен тәуелсіздікке



жеткізуді армандаған алып тұлға Мұстафа Шоқайды да қойылым барысынан байқау қиын емес. Жуырда аймағымыздың атқа мінер азаматтардың қолдауымен ирелендей ағып, шөлейтті далаға құт боп дарыған кербез өзеннің жағасында бой көтерген «Сыр Ана» кешенінің образы сахна төрінен көрінді. Шәкәрім Құдайбердіұлы «Сыр — Алаштың анасы» деп айтқандай, оқушылар барша қазаққа ана мен пана болған өзеннің де бейнесі қойылым барысынан тыс қалмады.

# ӨНЕРЛІ ӨРЕНДЕРІМІЗ ӨРГЕ СҮЙРЕДІ

Қызылордалық өнер иелері актық қойылымда сахнаны ел тәуелсіздігі хақында сөйлетті. Бабалар ансаған егемендіктің онай келмегенін, осы тәуелсіздігімізді ансаған бабаларымыздың аманат сөздерімен көрермендердің көкейінде ой туғызардай әсер қалдырды және соңында оқушылардың бірлесе орындаған сазды да сырлы “Қызылорда” әнімен қойылымды аяқтады. Нәтижесінде, Сыр бойының өнерпаздарының мюзиклі “Ең үздік құрылым” және “Ең үздік дуэт” номинацияларын иемденді.

Фестивальдің актық күнінде Назарбаев Зияткерлік мектебінің оқушылары қазақ вальсінің атасы Шәмші Қалдаяқовқа арнап ерекшін ұйымдастырды. Зияткерлер балында Шымкент қаласындағы мектептің химия-биология бағытындағы оқушылардың ұйымдастыруымен қатысушылар арасында тәжірибе алмасу және көніл көтеру мақсатында арнайы

бағдарламалар жүргізілді. Оқушылар “EXPO PARTY” сайысында колөнерден, вокалдан, флешмоб және хореографиядан өнер көрсетіп, бақ сынады. Осы долада Сыр бойының оқушылары өнер мен білік жағынан ешкімге дес бермейтінін дәлелдеп, I дәрежелі сертификатты иемденді.

Бүгінгі жаңарған еліміздің, көркейген еліміздің мәдениеті мен ұлттық өнер деп аталатын әр саламен өрістеген рухани байлығымыздың талай белдерден асып, талай биікке көтерілгенін көреміз. «Сыр елі-өнер ордасы» демекші, Қызылорда қаласының химия-биологиялық бағыттағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің өнерлі оқушылары, облысымыздың мәдениетінің жоғары деңгейде екенін көрсетіп, Сыр елінің мәртебесін биікке көтерді. Осы орайда өз тарапымынан мектебіміздің мақтанышына айналған білім мен өнерді қатар алып жүрген білімді де өнерлі, фестивальға дайындық барысында демалыс күндері демалмай шыдамдылық, төзімділік, еңбекқорлық танытқан



барлық 37 оқушыға және ұйымдастыру жағынан көмек көрсеткен әріптестерім музыка пәні мұғалімі Утебаев Жарасбек,

Абилов Бағдат, Бисенбаев Нұржан және тәрбие ісі жөніндегі мектеп директорының орынбасары Жүсіпбек Талғат Зыпарбекұлына

ерекше алғысымды білдіремін.

Жұлдыз Мауленова  
Құрманғазықызы

Басы 1-бетте. Жалғасы

## Тағлым

Назарбаев Зияткерлік мектебінің табалдырығынан аттап, әсем ғимараттың ішінде адымдап жүргелі, тіл жанашырларының бас қосатын жерін іздедік. Ең алғашқы болып, бірден-бір бой көтерген тіл шеберлігімізді



## Еңбегінің

шындайтын, тың ойларымызды еркін жеткізуге, әдеби сөйлеуге үйрететін пікірсайысшылар ұйымы ашылғанын естідік. Осы пікірсайысшылар ұйымының қалыптасуына түрткі болған қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Күлжахан Жолдасқызы талапкерлерді күн нұрының сәулесіндей шуақ шашып, құшағына баурап алды. Пікірсайыс бір мейрам тәрізді, мейрамда керемет көніл күйде боласын, сол секілді пікірсайыста да тіл байлығының бір тамшы жетістігін өне бойына сіңіресің. Ана тілінің күдіреттілігін, тазалығын, өткірлігін жүрегіңмен ұғасын, өз ойыңды еркін жеткізуге үйренесің. Дебатта ойнаған сайын оған деген құштарлығың арта

## Тағлым

түседі. Біз пікірсайыс ойындарында өзімізді қазақ тілінің жанашыры ретінде сезінеміз және оны дамытуға ұмтыламыз, көп не аз уақыт болса да ауыз толтырып айтатындай белестерді бағындырдық. Қалалық Дебат ойындарында

оюп тұрып, орнымызды алдық, «Үздік спикер», Тілге арналған ойында «II орын», жыл қорытындысы ойынында «II орын» және т.б көптеген «Алғыс хаттар» біздің қоржынымызға түсті.

Ұстаз – ұлағатты есім. Бұл мәртебелі мамандық иелері ертеңгі елдің тізгінін ұстайтын ұрпақ тәрбиелейді. Ал, шәкірт тәрбиелеу – ұлы міндет. Осындай міндетті сан жыл бойы арқалаған ұстаз саналы ғұмырын шәкіртінің асыл мұраттары мен армандарына жеткізуге жұмсайды. Демек, Жан-Жак Руссоша айтқанда, ұстаз – өз уақытын аямай, басқаның бақытын аялайтын қадірлі тұлға. Ғылым мен технология дамыған және ақпарат толқыны дәуірлеп тұрған

## Тағлым

уақытта ұстаздың алдын көрмеген жан саусақпен санарлықтай. Мектепте болсын, жоғарғы оқу орнында болсын, әрбір жан ұстаздан тәлім-тәрбие алып, бойына білім дәнегін егеді. Демек, ұстаз да дикан сықылды. Әрбір шәкіртін өмірге тұқым ретінде егіп, еліне жемісін беретін деңгейге дейін жеткізеді. Дәлірек айтқанда, әліпті таяқ деп білмейтін жанның өн бойындағы адами бастауларының көзін ашып, білім мен тәрбиеге баулып, ғұмыр атты толассыз бәйгеге топшысын қатайтып қосады. Яғни, ұстаз дүниеге пәк көзбен қарайтын баланы адам болып өмір сүруге тәрбиелейді. Сол үшін тер төгеді, еңбегін сіңіреді.

Ұстаз - адам тәрбиешісі, кез келгеннің пешенесіне жазыла бермейтін ерекше кәсіп иесі, адамды адам етуші тұлға. Әрбір жанның бойындағы шамшырағын тауып, оны жаға білу де – осы ұстаздың міндеті. Сондай-ақ, Елбасы

## жемісі

Н.Назарбаев «Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер – бүгінгі мектеп оқушылары, мұғалім оларды қалай тәрбиелесе, Қазақстан сол деңгейде болады. Сондықтан ұстазға жүктелетін міндет ауыр» деп айтып кеткеніндей мәртебелі мамандық иелеріне артылар міндет жетерлік. Себебі, ұстаз ел ертенін қалыптастырады. Демек, болашақтың жарқын болу-болмауы солардың қолында. Айта кетерлік жайт, Елбасы оның ішінде мектеп мұғалімдеріне мол сенім артып отыр. Алғаш білім мен тәрбие беретін мектеп ұстаздары адамның іргетасын қалайды. Сол арқылы болашақ тұлғаны қалыптастырады. Ұлт ұстазы, қазақтың рухани көшбасшысы болған А.Байтұр-



сыновтың “Мектептің жаны – мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектебі хәм сондай болмақшы, яғни мұғалім білімді болса, білген білімін басқаға үйрете білетін болса, ол мектептен балалар көбірек білім біліп шықпақшы. Солай болған соң, ең әуелі, мектепке керегі – білімді, педагогика, методикадан хабардар, оқыта білетін мұғалім” деген ойына сүйенсек, ұстаз біліктілігі терең, сауаттылығы жоғары болуы тиіс. Себебі, мұғалім білікті азаматты қалыптастырушы болып табылады. Ұстаздың еңбегі өзінен озған шәкірт тәрбиелегенде ғана ақталмақ. Өйткені, өмір заңдылығы – алға жылжу, даму, озу

секілді процестен тұратын болса, осыларды жүзеге асыратын да ұстаз.

Пікірсайыс ойындарының зандылықтары мен қыр-сырын дәріптеп, үлкен жеңістерге жетуге бар ынта-сымен ден қойып, оқушылардың шын жанашыры болған Күлжахан Жолдасқызына деген алғысымыз шексіз. Алтындай уақытын, тіпті, демалыс күндерін Пікірсайыс ойындарына арнаған, зияткерлеріне пана болып, әрқашанда көмек қолын созудан қашпаған осындай жанға алғысымызды білдіреміз!

Акерке Бағдаулет,  
Айдана Рымғали  
«Зияткер» дебат клубының  
ойыншылары

### Білгенге маржан



қатұлы.

Пайғамбарымыз Мұхаммедтің хадис шарифтерінде: «Бір-біріңмен сәлемдесіп жүріңдер, сонда ғана араларыңда мейірім-махаббат оянады», «өзіңе кезіккен жасы үлкендерге сәлем беріп, амандас. Оны тану-танымауың шарт емес. Ол достықты арттырады әрі адамдығыңды анықтайды», «Сәлем – Алланың жердегі есімдерінің бірі» дейді. Дегенмен, осы асыл дәстүрді тұрмыс-тіршілігіміздің кішкене ғана бір бөлшегіне айналдырып, дәрежесін түсіріп алғанымыз жоқ па? Осы сұраққа сауал іздеу мақсатымен мектебіміздің бірнеше ұстаздарына

ойлаймын.

-Сізге де разылығымды білдіремін!

-Сәлеметсіз бе, құрметті Нұржан Тұрмахамбетұлы. Бұқар жырау «Сөйлеу үшін жаратқан, сөз анасы – сәлемді айт» деген екен, осы сәлемдесуде ұстанатын қағидаларды білесіз бе?

-Есенсіз бе, ұстазым! Қазақ дәстүрінде сәлемдесуде ұстанатын қағидаларды, әрине, білемін, тіпті, санамалап айтып берейін:

1. Танысын, танымасын жасы кіші адам үлкенге сәлем береді.

2. Ата-анасының көзін көрген кісілерге арнайы сәлем беріп, батасын алады.

# Сәлем – сөздің анасы



шынайы ілтипат бар жерде нәтижелі жұмыс бар. Бір-бірін білмейтін адамдар арасында да алғашқы сәлемдесуден сөз сапталып, жақсы әңгіме өрбиді.

Сәлемдесудің түрі көп. Кей жастардың қыз болсын, ұл болсын бір-бірімен ер адамдарша амандасатынын байқаймыз. Жуырда ғана сауықтыру орталығына барғанымда қыз-жігіттердің бір-бірімен қол алысып амандасып жатқанын көрдім. Олардың бірі «бала кезімізден осылай үйренісіп кеттік, енді тоқтату қиын», – деп жауап қатты. Мен бұның жараспайтынын айттым.

Сәлем – сөздің анасы» деп халқымыз айтпақшы, сәлемдесу салты біздің дәстүрімізде ерекше орын алған. Күнделікті өмірдегі адамдардың қарым-қатынасы, бір-біріне жылы лебіз білдіруі сәлемнен басталады. Сәлем – сөз басы, сөз анасы. Ол – ұлттық тәрбиеміздің негізі, әліпшесі десе де болғандай. Қазір сәлемдесудің түрі көп, десек те ер азаматтар «Ассалаумағалейкум!» деп амандасады. Мұсылманша «саған бейбітшілік тілеймін!» дегенді білдірсе, бұған «уағалейкум ассалам» (сіздің үйіңізге де бейбітшілік тілеймін!) деп жауап берген жөн. Жылы шыраймен кішінің үлкенге сәлем беруінен, адамдардың бір-бірімен амандасуынан сыйластық пен құрмет, ізеттілік ізі байқалып тұрады. Демек, сәлемдесуде үлкен мән бар. Сәлемдесу арқылы да адамның кескін кейпі, болмысы, көңіл-күйі байқалып тұрады.

Халықтық педагогика: «Болар елдің баласын сәлемінен танысын», «Кісінің кішіпейілділігінің белгісі – көргенде сәлем бергені», «Сәлем – сөздің анасы», «Сәлемің түзу болмай, ісің түзу болмайды», «Адамдықтың белгісі – иіліп сәлем бергені, шын достықтың белгісі – көп кешікпей келгені», «Сәлем бермеу мен сәлемді алмау – күнәнің ауыры» деп атан түйеге татитын аталы сөздерді ұдайы еске алып отырған. Дұрыс сәлемдесу,



Қыз бала мен әйел адамдардың немесе ер адам мен әйел адамның амандасуының өз әдебі бар. Қазіргі кезде үлкен-кіші, қатарлас құрбы-құрдастар, әйел адамдар негізінен «Саламатсыз ба?», «Аман есенсіз бе?» деп сәлемдеседі. «Аман-саусыз ба?», «Отбасы, бала-шағаңыз аман ба?» деп хал сұрасу да дұрыс. Бірақ, күннен-күнге еш жылуы жоқ, жұтаң, салғырт, «сәлем», «сәлем бердік» немесе үлкен, кіші, тіпті ер азаматтардың да «хал қалай?», «қалайсың?» деуі немесе бас іздеу, ерін жыбырлату сияқты сәлемдесулер белең алып, көңілге қаяу түсіріп жүрген секілді. Кей адамдардың сәлемі сатулы, қабағы

жолыққан едік.

-Қайырлы күн, құрметті Жанат Баймаханқызы, «Сәлемдесу – әдептілік белгісі» екені анық. Бірақ әр елдің сәлемдесу дәстүрі әр түрлі. Қытайда бас ию, Үнді елінде екі алақанды түйістіріп маңдайға тигізу, Францияда бас киімін көтеріп сәлем берсе, Жаңа Зеландияда мұрындарын тигізіп амандасады екен. Ал қазақ елінің амандасу дәстүрі туралы не айтар едіңіз?

- Қайырлы күн, Анар әпке! Сәлемдесу рәсімінің қазақ елінде алар орны зор. Этнопсихологиялық тұрғыдан әр елдің сәлемдесу рәсімі - қарым-қатынас табалдырығы саналады. Қазақ халқының қос қолдап сәлемдесуі, келіннің ата-енесіне сәлем беруі, үлкен кісілердің бір-бірімен амандасуының өзі - тәрбие. Сондықтан болашақ ұрпақ амандасуды ұмытпағаны абзал.

- Рахмет!

-Күніңіз сәтті өтсін, құрметті Нұркен Әмитұлы, «Сәлем» сөзінің мағынасы «бейбітшілік» екенін білеміз. Қазақы сәлемдесу мен қазіргі сәлемдесуге тоқталып өтсеңіз.

- Қайырлы күн, Анар тәтей, «Сәлем - сөздің анасы» болса, ер кісілер «Ассалаумағалейкум» деп сәлем берсе, сәлем алушы «Уағалейкум ассалам» деп жауап қайырады. Бұл сөздердің мағынасы сізге «Әлемнің нұры жаусын!» дегенді білдіреді. Қазіргі кезде жаһандануға сәйкес амандасу да қысқа қайырылып жүр. Оларды атамайын, бірақ ұрпағымыз 100 жылдан соң амандасуды ұмыт қалдырмас үшін қазірден тәрбиелеуіміз керек.

-Сұрағыма жауап қатқаныңызға алғыс білдіремін!

-Күніңіз мәнді өтсін, құрметті Талант Жолдасұлы, «Сәлем түзелмей, әлем түзелмейді» деген пікірге қосылар ма едіңіз?

- Әрине, Анар апай. Сәлемдесу арқылы адамдардың қарым – қатынасы басталады. Сәлеміңіз сәтті өтсе, қарым-қатынасыңыз жарасымды достыққа ұласады, әрі сол күніңіз мәнді өтеді деп

3. Алыстан алты жасар бала келсе, алпыстағы қарт барып амандасады.

4. Ат үстінде тұрған адам атынан түсіп амандасады.

5. Алыстағы ағайын сағынышты сәлемін жолдайды.



-Сырлы жауабыңызға алғыс білдіреміз, Нұржан Тұрмахамбетұлы!

І.Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясында Қалмақтың ханы Қалдан Серен мен Қазақтың ханы Абылай ханның амандасуымен ойымды қорытындылайын.

Бірде Абылай хан аңдаусызда тұтқынға түсіп қалады. Сонда Қалдан Серен:

-Біздің елде ұлықтың алдында кішік болып, тізе бүгіп, тағзым етеді

-Уәжің дұрыс. Қазақ босаға атағанда, қолын кеудесіне қойып сәлемдеседі. Қолым байлауда, басым айдауда, амалым не? - деген Абылай ханның сөзінен соң, қолын шешеді. Абылай хан қазақша сәлемдеседі.

Сан ғасырлар бойында сақталған амандасу дәстүрі – инабаттылық пен әдептіліктің бастауы екенін сөзсіз. Олай болса, сәлемдесу салтымызды ұлықтай түсейік!

Сауалнама жүргізген  
Анар Қаражанова

# ЖАТАҚХАНА – ЖАСТАРДЫҢ ОРДАСЫ

«Сәлем – сөздің атасы» демекші, армысыздар Сырдың намысты ұлдары мен арлы, инабатты қыздары, Мағжан атам үміт артқан жастар! Мен сіздерге екінші үйіме айналған жатақхана туралы ой толғағым келіп отыр.

Жатақхана... Назарбаев Зияткерлік мектебіне ауылдан, ауданнан, қаладан, алыс жерлерден келген оқушыларға арналған нысан.

Облысымыздың әр түпкірінен білім іздеп келген оқушылардың тілегі мен тілеуін табыстырған мекен – жатақхана.

Мұнда қалыптасқан қағида бар. Мәселен, тазалық, оқушылардың тәртібі, бос уақыттарын қалай өткізетіндігі сынды жатақхананың тыныс-тіршілігін мұндағы тұрғындар өздері басқарады. Сонымен қатар екінші

үйіміздің өзіндік, яғни әр күнге арналған уақыт кестесі де жоқ емес. Міне, біздің де осы нысанға орныққанымызға төрт ай толды. Аз ғана уақыт ішінде көптеген қызық жайттар да болды. Жастар жағы бірлесіп, әрбір санаулы уақытымызды мәнді де сәнді өткізуге тырысамыз. Президентіміз айтқандай, біз ел болашағы болғандықтан, уақыттың зая кетуі ауыр сын. Сондықтан, білімді әрі өнерлі жастардың басы қосылған жатақхана – ұйыған таланттылар ордасы. Бір кешті өнер сайысына ұластырсақ, енді бірін білім сайысына арнаймыз.

Мәселен, жатақханамызда сенбі-жексенбі күндері және басқа да бос уақыттарымызда әр түрлі мақсатта жұмыстар жүргізілді. Токталар болсам:

- Рухани жағынан дамыту мақсатында Н.Бекежанов атындағы драма театры барлық, онда біз Абай жолы романының төртінші томын көрдік.

- 100 кітап оқу жобасының мақсатында, кешкілік бос уақыттарда кітап оқыдық.

- Оқушыларды демалдыру мақсатында түрлі тренингтер ұйымдастырылды.

- Жан-жақты дамытуымыз үшін, өз ішімізден әңгімелесу, пікір алмастыру сағаттары өтті.

- Таза ауамен демалу мақсатында далаға, доп ойнауға, серуендеуге шығамыз.

- Күнделікті таңғы уақытта жаттығу жасалынады.

- Тәрбиешілер қиын тапсырмалардың орындалуына бағыт бағдар беріп отырады.

- Ең қызығы, үй жағдайында



өтетін деңгейде, туған күн иелерінің кештері өткізіліп отырады.

Сөз соңында шалғай аудандардан келгенімізбен, өзімізге деген жылы ықылас пен қамқорлықты сезінген біздерге

ата-анамыздай болып жүрген Сайран Асылбекқызына шексіз алғысымызды білдіреміз.

**Жатақхана тұрғындары атынан Махамбетжан Тілек, 11 D-сынып оқушысы**

Назарбаев Зияткерлік мектептерінде оқушылар қауымдастығы «Шаңырақ» жобасы негізінде ұйымдастырылған. Оқушылар қауымдастығының мақсаты – бірыңғай топтар құру арқылы оқушыларды ауызбірлікке, біртұтастыққа бейімдеу, жоғары сынып пен төменгі сынып оқушылары арасында бауырмалдық, қамқорлық қарым-қатынас қалыптастыру.

- Кішілерге үлкен топтардың басшылық етуі арқылы жоғары сынып оқушыларының бойында көшбасшылық қасиетін дамыту;

- Бірлескен, біріккен, ұйымшыл командалар құру, бірігіп бос уақыт тиімді өткізуді ұйымдастыру.

Оқу жылы барысында «Шаңырақ» оқушылар қауымдастығы арасында әр түрлі жарыстар мен сайыстар (спорттық, зияткерлік, мәдени) өтеді, қатысқаны мен жеңістері үшін оқушылардың әр қауымдастығы ұпай сандарын жинақтайды.

**«Шаңырақ» оқушылар қауымдастығы аясында жүзеге асырылатын жобалар**

«Шаңырақ» оқушылар қауымдастығы мүшелері мектепшілік шараларға және өз қалаулары бойынша ұсынылып, қолдау табылған жобаларға белсене араласады.

**Жобалар:**

- «Туған елге тағзым» өлкетанулық-зерттеу экспедициялары;
- «Патриоттық әндер» жобасы;
- Интеллектуалды және онлайн интерактивті ойындар жарысы;
- «Флеш-моб» жобасы;
- «Жұлдызды сәт» жобасы;

дыққа, қамқорлық қарым-қатынасқа бейімдеу, оларды біртұтастыққа, ауызбіршілікке тәрбиелеу.

Қазіргі таңда, мектебімізде осындай 14 «Шаңырақ» қауымдастығы құрылған. Олардың қатарында, «Ақмешіт», «Арал», «Барсақалмес» секілді және тағы басқа өңіріміздің жер-аумағының байлығын танытатын, тарихы мен дәстүрінен сыр шертететін шаңырақтар бар.

«Шаңырақ» қауымдастықтары біздің мектепке не үшін керек?

Меніңше, «Шаңырақ» қауымдастығы өз мақсаттарына жұмыс жасау арқылы мектеп оқушыларын ұйымдастырушылыққа, көшбасшылыққа тәрбиелейді. Шаңырақ лидерлері тарапынан ұсынылған идеялар, осы шаңырақтар арасында іске асады. Осы уақытқа дейін, ауыз толтырып айтарлықтай үлгілі жобалар жүзеге асты. Мысалы, ел Тәуелсіздігінің 22 жылдығы мерекесіне орай ұйымдастырылған патриоттық әндер байқауы өткізілді. Әр шаңырақ белгіленген шарттар бойынша өнер көрсетті. Бұл да болса, шаңырақ оқушыларын патриоттыққа, Отансүйгіштікке, ел Тәуелсіздігі мен халқын құрметтеуге баулайды. Ал, ойын-сауықтық, сергіту, көңіл көтерту мақсатындағы көптеген іс-шаралардың қатарынан «Періштеңді тап» ойынына да мектеп оқушылары белсенді түрде толық ат салысты деп айта аламын. Осының нәтижесінде, орыс және қазақ сыныптары мен жоғары және төменгі сынып оқушылары арасында зор ынтымақтастық байланыс орнады деп айта аламын. Және де Назарбаев Зияткерлік мектептері шеңберінде зияткер оқушылар арасында I желілік Арт-фестиваль өткізілген болатын. Фестивальға іріктелініп алынған оқушылар да мен айтып отырған шаңырақ қауымдастықтарының мүшелері. Олар да, іріктеуден өтті, дайындық кезінде жетекші-ұстаздарымен бірге көп тер төкті. Ал, оларды үмітті ақтады деуге де толық негіз бар.

**Аяз ЫҚТИЯР**

**«Шаңырақ» көшбасшысы, 11 «В» сынып**



## «Шаңырақ» оқушылар қауымдастығы

Жалпы «шаңырақ» ұғымының халқымыздың ұлттық мәдениетіндегі орны ерекше. Шаңырақ – мемлекеттің негізі – отбасының бейнесі болып табылады. Жаңадан отбасын құрған жастарға, дана халқымыз құрған отбасының тұғыры берік, мәртебесі жоғары болсын деген ниетін «Шаңырағың биік болсын!» деген қасиетті тілекке сыйдырған. Сондықтан рәміздік тұрғыдан Қазақстан Республикасының мемлекеттік елтаңбасының негізін құрайтын Шаңырақ мазмұны және оның дүниетанымдық мәні теренде.

Зияткерлік мектептердегі «Шаңырақ» оқушылар қауымдастығына жас аралығындағы және оқыту тілі әртүрлі екі сынып біріктіріледі (Мысалы, 12 және 9, 11 және 8, 10 және 7). Әр «Шаңырақтың» өз аты, белгілері, ұраны бар.

**«Шаңырақ» оқушылар қауымдастығының міндеттері:**

- Оқушыларды салауатты бәсеке-лестікке баулу;

Оқу жылы соңында «Шаңырақ» қауымдастығының ең жоғары ұпайын жинап, жеңіске жеткен тобына «Өркен» кубогі беріліп, «Туған елге тағзым» өлкетанулық-зерттеу экспедициясына жолдама табыс етіледі. Токсандағы жетістіктері үшін оқушылардың әр қауымдастығы кино, театр, басқа да мәдени орталықтарға бару билеттерімен қамтамасыз етіледі.

**«Шаңырақ» оқушылар қауымдастығының артықшылықтары:**

- Әр жастағы оқушылардың өзара ынтымақтастығы;

- Жоғары сынып оқушыларының төменгі сынып оқушыларына қамқорлық танытуы өзара әріптестік мәдениетін қалыптастырады, көшбасшылық қабілеттерін дамытады;

- Сабаққа дайындық барысында және сабақтан тыс уақытты ұйымдастыруда бір-біріне көмек көрсетеді;

- Біртұтас команда, корпоративті рух қалыптасады.

## INTERESTING FACTS (Қызықты фактілер)

Learn about all kinds of interesting things to tell your friends and family, from funny to the great depression, technology, the planet Mars and so much more.

Surprise your friends and family by learning all these educational interesting facts.

All the facts are taken from the site "Interesting Facts" (www.interestingfacts.net)

- The Mona Lisa doesn't have eyebrows or eyelashes.

- Honey is the only food that doesn't spoil. To make 1 pound of honey, bees would have to visit over 2 million flowers.

- Did you know Disneyland does not sell chewing gum? Walt Disney did not want guests inconvenienced by stepping on gum purchased in the park.

- Giraffes can go without water longer than a camel. That's wild!

- January 30, 1933 was the day the words Hi yo silver! Away! were first heard as the lone ranger debuts on radio channel WXYZ of Detroit. It was the first show to air reruns.

- When the Titanic departed from port it was documented to have carried approximately 1000 loaves of bread, 86,000 pounds of meat, 40,000 eggs and 36,000 apples to feed the passengers and crew on the 7 day voyage.

- Dogs can have a fatal reaction to eating chocolate. Chocolate contains a bitter alkaloid called Theobromine also known as Xantheose and that's the active ingredient that's bad for the dog.

- For a butterfly to fly it must have a body temperature of no less than 86 degrees fahrenheit or 30 degrees celsius.

- The largest milk producing country by volume in the whole world is India.

- It is a fact that the first game of chess has been traced back to have originated in northern India. Like other 1,000+ year old games, it would have been played differently than today's rules. It's thought that today's rules have been around since sometime in the 1400's A.D.

- Almonds are members of the rose flower family or rosaceae family. The peach is also a member of the rose family.

- The tallest girl in the world ever recorded was 8 feet 2 inches tall and died at the young age of 17.

- The average human with a full head of hair contains between 85,000 to 150,000 hairs.

- Jupiter is the largest planet in the earth's solar system. I should've known that one.

- Squirrels forget where about 50% of the nuts they've hidden are. Useless, Hahaha.

- Did you know the first bullet proof vest and windshield wiper blades were both invented by women? Cool!

- Cold weather makes fingernails grow faster. Weird!

- Only humans cry because of feelings. Awesome!

- Mohammad is the most common birth name in the world.

- If you have a deep genuine fear of the number 13, you may have Paraskevidekatriaphobia also called Friggatriskaidekaphobia or Triskaidekaphobia.

These are just some interesting facts about our world. Next time, it will be YOUR turn to find and send us the most interesting facts from all over the world! Let your life be as interesting as these facts! Good luck!

Whether we're composing a blog or a business letter, an email or an essay, our goal should be to respond clearly and directly to the needs and interests of our readers. These ten tips should help us sharpen our writing whenever we set out to inform or persuade.

- **Lead with your main idea.** As a general rule, state the main idea of a

## TEN QUICK TIPS TO IMPROVE YOUR WRITING

paragraph in the first sentence -the topic sentence. Don't keep your readers guessing.

- **Vary the length of your sentences.** In general, use short sentences to emphasize ideas. Use longer sentences to explain, define, or illustrate ideas.

- **Put key words and ideas at the beginning or end of a sentence.** Don't bury a main point in the middle of a long sentence. To emphasize key words, place them at the beginning or (better yet) at the end.

- **Vary sentence types and structures.** Vary sentence types by including occasional questions and commands. Vary sentence structures by blending simple, compound, and complex sentences.

- **Use active verbs.** Don't overwork the passive voice or forms of the verb »to be.« Instead, use dynamic verbs in the active voice.

- **Use specific nouns and verbs.** To convey your message clearly and keep your readers engaged, use concrete and specific words that show what you mean.

- **Cut the clutter.** When revising your work, eliminate unnecessary words.

- **Read aloud when you revise.** When revising, you may hear problems (of tone, emphasis, word choice, and syntax) that you can't see. So, listen up!

- **Actively edit and proofread.** It's easy to overlook errors when merely looking over your work. So be on the lookout for common trouble spots when studying your final draft.

- **Use a dictionary.** When proofreading, don't trust your spellchecker: it can tell you only if a word is a word, not if it's the right word.

We'll close with a cautionary note borrowed from George Orwell's Rules for Writers: «Break any of these rules sooner than say anything outright barbarous.»

*"We should be proud of what we have- a country with vast open spaces, magnificent cities and hallowed antiquity of history"*

N.Nazarbayev

I live in a wonderful country Kazakhstan, which has varieties of everything. I am proud to live in Kazakhstan, proud to be a Kazakh. And I have got many reasons to love this country. First of all it's my Motherland and, in my opinion, everybody, who lives in this country must respect and love it.

Kazakhstan is a marvelous country with a convenient geographical position, which makes it the heart of Eurasia. It is a bridge connecting two magnificent continents Europe and Asia. Our Republic is known as the ninth largest country in the world. It has got great productive potential, history and culture. Since the first years of gaining independence the country reached wonderful results.

On the internet I found out that Kazakhstan and Kyrgyzstan gained independence in one year, but these two countries developed differently. 70% of our population trust our President and in Kyrgyzstan only 8% of the population do this. In Kazakhstan 60% of the population thinks that they have all that they need, and in Kyrgyzstan only 5-10% of population think so. Our country reached such results when other countries only dream to receive a half of that we have. Also our economy develops in fast speed. We try

## Discover Kazakhstan

not to concede the countries of Europe. All these events have happened thanks to our President. I am very proud of him. Other presidents don't do many things to develop their country, they want all and at once, but it's wrong, if we want to reach something we must work hard.

My country is very hospitable. There live over 130 nationalities. We don't divide people "He is a Kazakh, and he is not a Kazakh".

We respect each other. Everybody is welcome to our country.

"East or west home is best", it's about me. As for me, my country, my Motherland is best of the best. I am a very happy person. Why? I will explain it. I was born in the beautiful country with the great future, I have never seen a war, I have got everything that I need, my parents are alive, I have got many friends of different nationalities, we understand each other, I am a free person, there is open blue sky and a shining sun over my head. Tell me what else can I be dreaming of for my happiness? Expensive branded clothes, telephones, maybe I-phones, I-pads?

No, some people think that if they have got all of these they are happy, I think that it's a big mistake, I need only healthy life for my parents, to live in the country in which people live in peace and consent with each other.

I want to tell you about my visit in UK. I studied in one of well-known universities of England, in the University of Kent, which is situated in Canterbury. There were many children from different countries: Kazakhstan, Russia, Czech Republic, Australia, China, Brazil, Spain, Italy, France. We became real good friends. It was very interesting to share information about my country with other children, to tell each other out traditions, cultures, to learn more about other countries. Many of them knew our Kazakhstan, some of them have been here, they told me that it is a very beautiful country with tall buildings, wide green streets, kind people. It was very pleasant to me when I heard these words, it's the truth, believe me.

I want to tell you about my visit in UK. I studied in one of well-known universities of England, in the University of Kent, which is situated in Canterbury. There were many

children from different countries: Kazakhstan, Russia, Czech Republic, Australia, China, Brazil, Spain, Italy, France. We became real good friends. It was very interesting to share information about my country with other children, to tell each other out traditions, cultures, to learn more about other countries. Many of them knew our Kazakhstan, some of them have been here, they told me that it is a very beautiful country with tall buildings, wide green streets, kind people. It was very pleasant to me when I heard these words, it's the truth, believe me.

I want to tell you about my visit in UK. I studied in one of well-known universities of England, in the University of Kent, which is situated in Canterbury. There were many children from different countries: Kazakhstan, Russia, Czech Republic, Australia, China, Brazil, Spain, Italy, France. We became real good friends. It was very interesting to share information about my country with other children, to tell each other out traditions, cultures, to learn more about other countries. Many of them knew our Kazakhstan, some of them have been here, they told me that it is a very beautiful country with tall buildings, wide green streets, kind people. It was very pleasant to me when I heard these words, it's the truth, believe me.

Сыздық Айдана, 11"Е"

НЕДЕЛЯ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ

## «ТІЛ-ҰЛТТЫҢ ЖАНЫ, ХАЛЫҚТЫҢ ӘНІ»

20 января 2014 года в Назарбаев Интеллектуальной школе г.Кызылорда состоялось торжественное открытие Недели казахского языка и литературы на тему «Тіл-ұлттың жаны, халықтың әні», которая продлится с 20 по 25 января. Открытие было начато в виде всем известной утренней программы «Таншолпан». Ведущими (на казахском языке) были ученики 11 «Е» класса русского отделения Рахмет Умар и Щербинина Александра. По традиции каждый понедельник школьной жизни начинается с построения всех учащихся на линейку и исполнения гимна Республики Казахстан, и сегодня после исполнения гимна ведущие объявили об открытии Недели, ознакомили с целями и программой Недели, пригласили в студию в качестве

гостей лидера школьного сообщества «Шаңырақ» ученика 11 «Б» класса Ықтияра Аяза и начинающего пробы своего пера, ученика 11 «С» класса Самата Абая для интервью. Гости передачи поделились своими мыслями о великой силе, богатстве Государственного языка. Ученицы 11 «D, C» класса Батырбай Гульбике и Искендр Назерке, ученик 9 «С» класса Садыкбек Айсултан выступили с песней «Жаса, қазақ тілім». Ученики 11 классов Махамбетжан Тилек и Тайгараев Азамат показали на обзорное свое интервью, которые провели с учениками русского отделения в прямом эфире электронного формата на казахском языке. Гречкина Анастасия с 11 «Е» класса и Трегубенко Ксения, ученица 9 класса, выразили на казахском языке свое мнение о трех

великих классиках казахской литературы - Сакен Сейфуллине, Ильяс Жансугурове и Беймбет Майлине, символизирующих Три непоколебимых тополя казахского народа. Также был налажен Телемост с учителями и учащимися Назарбаев Интеллектуальной школы физико-математического направления г.Тараз, где были озвучены теплые слова приветствия, народные высказывания и песни о великом казахском языке. Учащиеся школы, особенно других национальностей, принимали активное участие в открытии Недели и выразили глубокое уважение к величию Государственного языка.

После официального открытия Недели были проведены интегрированные уроки. Учитель казахского языка Бибатырова Айгуль

Мырзагулкызы в 8 А классе провела урок на тему «Биоалуантүрлік. Қызылорда облысының жағрафиялық, климаттық өзгерістері». Учительница связала 120-летний юбилей классиков казахской литературы Сакена Сейфуллины, Ильяса Жансугурова и Беймбета Майлина с проблемой Арала. После просмотра видеофильма ребята в группах обсуждали актуальные проблемы Аральского моря, высказывали свое мнение и делали выводы. На уроке применялись различные методы активного обучения, стратегия кубизма, ролевые игры и другие.

В ходе проведения Недели казахского языка и литературы планируется презентация школьной газеты «Nis Kyzylorda», проведение различных уроков нового формата с применением командного преподавания, семинаров-тренингов, встречи с такими известными местными поэтами-импровизаторами как Мухтар Ниязов и Ерженис Абдиев, организация совместных конкурсов с участием родительской общественности. Завершит Неделю литературно-драматический вечер «Үш бәйтерек-үш дінгек-Сәкен, Ілияс, Бейімбет», посвященный 120-летнему юбилею поэтов Алаша -Сакена Сейфуллины, Ильяса Жансугурова и Беймбета Майлина.

Д.А.Мунарбаева,  
Заместитель директора  
по НМР



НАША ШКОЛА

НАША ШКОЛА

НАША ШКОЛА

## ШКОЛА ИНТЕЛЛЕКТУАЛОВ

Прошло уже пять месяцев, как я обучаюсь в Назарбаев Интеллектуальной школе. Как изменилась я, и как изменились мои взгляды? 2013 год, лето. Объявлен конкурсный отбор во вновь открывающуюся Назарбаев Интеллектуальную школу химико-биологического направления, Я без раздумий приняла решение участвовать в конкурсе. Во-первых, подобные школы (а их на тот момент по всей республике было 14) существенно отличаются от обычных школ хорошим техническим оснащением; во-вторых, программа и система оценивания отвечают современным международным стандартам; в-третьих, здесь очень хорошая материальная база.

И вот начались занятия. Все уроки проходят в специальных блоках. Здесь созданы отличные условия для получения качественного оборудования, глубоких и прочных знаний. В каждом кабинете есть интерактивная доска, ноутбуки, удобные индивидуальные парты. Здесь есть кабинеты, которые отвечают международным стандартам; кабинеты нано технологии, робототехники.

А какие просторные спортивные залы! Футбольное поле ничем не уступает городскому стадиону.

Здесь преподают самые опытные учителя школ города, прошедшие конкурсный отбор.

Я очень рада, что учусь в

Интеллектуальной школе. Со мной, думаю, согласятся все ученики школы.

На открытие школы 30 августа 2013 года Аким Кызылординской области сказал: «Можно без преувеличения сказать, что Назарбаев Интеллектуальной школе г.Кызылорда будет обучаться будущая элита страны».

Эти слова руководителя области накладывают огромную ответственность на всех нас.

Президент страны Н.А.Назарбаев возлагает на молодежь страны огромные надежды. За нами – будущее! От того, какие знания мы приобретём, какими мы станем, зависит будущее моей родины.

Постараюсь оправдать эти надежды, приложу для этого все усилия,

Хабибуллина Гузалия  
ученица 9 «G» класса

## Прекрасна наша страна

Посмотри, как прекрасна  
наша страна  
За окном 21 век, Астана  
байтерек  
И жизнь лишь одна  
нам дана  
Давай жить так, чтобы  
улыбка была  
На лице друзей, которые  
уже далеко  
И жить если честно это  
нелегко,  
Но чтобы чего-то  
добиться надо сильно  
стараться  
Никогда не унывать, за  
мечту хвататься.  
Подними голову вверх,  
тебя ждёт успех!  
Мирное небо над головой  
и не думай, что скажут  
другие,  
Делай то, что прикажет  
душа.  
Львиное сердце патриотов  
родину защитит  
И высоко видны крылья  
орлиные!  
Не забывай об истории и  
вещах старинных  
Почитай и уважай нашу  
отчизну,  
Страну всеми любимую  
Казахстан вперед в тебя  
верит народ!  
Подними глаза я на небеса  
И верю в то, что все будет  
окей  
Страна моя это Казахстан  
и горжусь, что живу я  
именно в ней!  
Да, помни, бывают такие  
времена  
Когда поддержка близких  
нам нужна  
И дорога вперед уже  
не видна,  
Но мы сумели подняться  
и за свободу сами сражаться!  
Не забывай о людях, для  
которых долг перед отчизной  
был выше всего  
И были, готовы исполнить  
его не смотря, ни на что  
Не зря ведь назвали  
героями страны  
Их имена никогда  
забываться не должны!  
Ведь благодаря им ты  
живешь, как сейчас  
ты это пойми.  
Нам только вперед надо  
стремиться, ведь  
Казахстан-это  
вольная птица  
И пока я жив и сердце мое  
будет биться,  
Я буду верен ей, нашей  
прекрасной стране  
И то же самое посоветую  
тебе...  
Казахстан это наша  
страна, это наша отчизна,  
Это родина моя и мы  
должны стремиться  
всегда вперед  
Давай быть вместе и  
верить народ!  
Рахметов Умар.  
11 «Е» класс



### ТІЛІМ МЕНІҢ

Қазақ тілім қазынам қасиетті,  
Бұл тілге барлық адам бас иіпті.  
Шексіз менің құрметім тілге деген  
Бұл өмірде бар асылды тіл дер ем.

Тілім менің арқа сүйер тірегім,  
Тілім менің өмірдегі тілерім,  
Тілім менің таусылмайтын тілегім,  
Тілім менің кеудемдегі жүрегім!



Қазақ тілі жүрегісің анамның,  
Мен тек қана бір өзіннен жаралдым,  
Құрметтеймін қазақ тілім өзінді  
Мақтан етем туған тілім тек сені!

Қалданбек Ақниет,  
7 «А» сынып оқушысы

### «ҚАЗАҚ ХАЛҚЫ»

Халқым аман болсын деп,  
Жерім тыныш болсын деп.  
Бір тілеймін Алладан,  
Бәрін бізге берсін деп!

Қазақ халқы бойында  
Ар мен намыс жетерлік.  
Қасиет бар қайрат та  
Әрбір қазақ бойында.

Ата-баба мұрасы,  
Еуразияның ортасы.  
Байлықпенен молшылық,  
Ұлы қазақ даласы.

Батыр-бабам жетерлік,  
Елді жаудан қорғаған.  
Ар намысты сақтаған,  
Қазағыммен мақтанам.

Шахмат Бекмырза,  
8 Е-класс

### БІЗДІҢ-НЗМ

Қолыма мен қаламымды алайын,  
Мектеп жайлы тебірене жазайын,  
Білім мен сан өнерді үйреткен  
Мектебімді қалайша мен жазбаймын?  
Өнерлі мен білімділер жиналған,  
Бұл ордасы ғылым қуған жастардың.  
Адамдары «сіз-біз» десіп сөйлеген  
Сәлемдесу дәстүрімізге айналған  
Үлкеннің жолын кесіп өтпей  
көлденең

## ЖАҢА ЖЫЛДАРЫҢЫЗБЕН ЖҮЗІ ЖАРҚЫН ЖАМАҒАТ!

Жұмыстарыңызды жиыстырып, жүздеріңіз жәудіреп, жылтырақ жабдытарыңызды жаға-жендеріңе жабыстырып, жаңа жылдық жиынға жетулеріңізбен!

Жылқы – жұртымыз жасағалы жолаушының жолсерігі, жаушының, жауынгердің жорықтағы жүйрік жолдасы, жігітке жарасқан жөн-жоралғының жалғасы, жамағатымыздың жал-жаясы. Жауда, жұртта, жұтта жетімдей жабырқаған жандардың жебеушісі. Жұртымыз жылқының жағымды желісін, жарасымды жорға жүрісін, желдей жүйріктігін жылнамаларда жарыса жырлаған. Жылқы – жамағатымыздың жанына жақын жүрген.

Жарқыраған, жайнаған, жылы жүзді жалпы жұртым Жылқы жылында жанұяларыңызға жылылық, жұмыстарыңызға жетістік, жақындарыңызға жағымды жақсы жаналықтар жолықсын!

Жаңа Жылда жаратқанымыз жарылқасын, жігерлеріңіз жасымасын, жұптарыңыз жазылмасын, жалғыз жүргендер жұпталсын, жандарыңыз жабырқамасын! Жылқы жылында жұмыстарымыз жоғарылап, жағдайымыз жақсарып, жұлдызымыз жарқырап, жетістіктеріміз жырланып, жүректерде жатталсын!

Ізгі ниетпен Жасұлан Сапарбаев Тілеубайұлы



Түлектерін әдептілік жайлаған.

Бұл мектепте барлық жағдай  
жасалған,  
Білім жолы осы жерден басталған,  
Қанат қағып, биіктерге самғайтын  
Үміт күткен сегіз қырлы жастардан.

Кітап біздің серігіміз, досымыз,  
Ізденеміз көп білуге ұмтылып.  
Ғылымға біз зор үлесті қосамыз.  
Шыңға шығып, еңбектеніп,  
жұмылып.

Айтамын мен Елбасына көп алғыс,  
Жастар үшін осы мектепті салғызған.  
Еңбекпенен ақтаймыз біз бәріміз,  
Ел сенімін мына бізге артылған.

Рахметова Камила,  
8 «Д» сыныбы

### ТУҒАН ЖЕР

Орналасқан сұлу сырдың бойында,  
Табиғаты көркем, әсем Қызылорда.  
Асан қайғы бабамыздың айтқаны,  
«Шенгел түбі бір асым ет»-  
Сыр бойында.

Жер асты мұнай, газ бен уранға бай,  
Өз жерімді мәңгі мен сүйіп өтем.

Руслан Жағыпар,  
9 «С» сыныбы

### БАРЛЫҚ КҮШ БІЛІМДЕ

Ғылым гауһар—  
Бағасы жоқ,  
Надандық кесел—  
Дауасы жоқ.

Сондықтан бәріміз,  
Ұмтылайық әрқашан:  
Оқуға, үйренуге  
Жаманнан жиренуге.

Талаптансақ жетеміз біз,  
Білімнің биігіне.  
Алға! Алға!  
Барлық күш - білімде!

7«В»- сынып оқушысы қазақ  
әдебиеті пәнінен Республикалық  
қашықтық олимпиадасының ІІІ  
дәрежелі жеңімпазы Тамабаева Аружан

### ТӘУЕЛСІЗДІК – ЕЛ ҰРАНЫ

Тәуелсіздік – халықтың  
басты арманы,  
Осы жолда төгілген жастар қаны.  
Еркіндікті ата-бабам аңсаған,  
Тәуелсіздік жаңа өмір басталған.

Азаттықты аңсаған Алаш елі,  
«Тәуелсіздік» деп соқты ел жүрегі.  
Елім деген ер ұл-қызды еңіретті,  
Желтоқсанның ызғырық суық желі.

Самғап ұшқан көгінде өр қыраны,  
Болашаққа жүйткіген ер пырағы.  
Қазақстан, көркейіп, гүлдене бер,  
Тәуелсіздік - қашанда ел ұраны!

8 «Д» - Қани Айдана

### МЕКТЕП

Қасиетті мекенім - мектеп деген,  
Үйреткен тәрбиеге тәлімменен.  
Білім ғой өмір жолын көрсететін.  
Ұстаз ғой бар білгенін үйрететін.

Бастауышта оқу-жазу үйренеміз.  
Ес біліп жақсы досты танимыз.  
Үлгілі сөз жадымызға тоқимыз.  
Өнеріміз өрлесін бар ойымыз.

Бақыт құсы қонсын десең басына,  
Оқы, ізден, үйрен, жалықпа.  
Таудай талап болса егер бойыңда,  
Бармақтай бақ өзі қонар басына.

8 «А»-Дәулет Айшабибі



Әр түлектің бойында бар өнері,  
Сабақтарға жақсы үлгеріп жүреді.  
Ақын, биші, әнші, күйші, спортшы  
Кейбіреуі сурет салар көрнекті.

Біздің мектеп шаңырақтарға  
бөлінген,  
Шаңырақта бірлік, достық маңызды.  
Лидерлерге қараймыз зор сеніммен,  
Олар үшін сенімді ақтау бастысы.

Жарыстардан ораламыз жеңіспен,  
Көрінеміз біздер ылғи биіктен.  
Білім жолын «алтын жол»  
деп атаймыз,  
Осы жолдан болашақты бастаймыз.

Сырдың бойы жайқалып, өсіп-өнген,  
Мәуелі тоғай, шенгелді, нулы мекен,  
Сарқырап аққан Дариясы бар,  
суы мол,  
Сыр бойы- туған жерім ғажап екен.

Ыстық сенің аспаның да, жерің де,  
Күн сәулесі шашып нұрын көгімде  
Туған елім, туған жерім, Сыр елім,  
Құлпырасың, көркейесің бүгінде.

Кен далам Сырдың бойы-туған  
өлкем,  
Алтын дәнді күрішің мен жерің  
көркем.

